




ТҰҢҒЫШТАР



АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2013

УДК 821.521.122-93

ББК 84.(5Қаз)-7

Т 85

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады

Т 85 Тұңғыштар / Құрас. Ш. Күмісбаев. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2013 – 296 бет, суретті, қаз. тілінде.

ISBN 978-601-01-1139-4

«Тұңғыштар» кітабы – негізінен мектеп жасындағы балаларға арнап танымдық тұрғыдан жазылған еңбек. Көптеген жайда біз озық ойлы, білімдар, батыр, ғалым, спортшы тағы басқа салалардағы ісімен алғашқы көрініп, аты шыққан ұлт өкілдерінің есімдерін біле бермейміз. Жас ұрпақ үшін алдыңғы ұрпақтың ісі – өнеге, мақтаныш, таусылмас қазына, алтын мұра. Біз осыны ескердік.

Кітапты жазу барысында көптеген деректердің республикадағы басылымдардан, кітаптардан, энциклопедиялық жинақтардан алынғанын еске саламыз.

УДК 821.521.122-93

ББК 84.(5Қаз)-7

© Күмісбаев Ш., 2007

© Күмісбаев Ш., 2012, өңделген

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2007

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2013,
қосымша таралым

ISBN 978-601-01-1139-4

**Тарихтың
қойнауына
көз салдық**



ЗҰЛЫМДЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРҒАН ӘЙЕЛ ПАТША

Сақтардан таралған массагеттер елінің патшайымы Томирис күйеуі өлген соң таққа өзі отырған еді. Осыны пайдаланбақ болған парсы мемлекетінің патшасы Кир Томириске “үйленбек” ниетпен құдалар аттандырады. Ондағы ойы бір оқпен екі қоянды атып, екі елді билеу болатын. Мұны сезген Томирис бұл ұсыныстан бас тартады. Бұл әрекетінен ештеңе шығара алмаған Кир массагеттерге қарсы соғыс ашады. Ол дариядан өту үшін көпір салуды ұйымдастырады. Осы кезде оның қолына Томирисінің хаты тиеді. Онда патшайым Кирге: “Көпір салып әуре болма, біз саған өтуіңе кедергі жасамай, әскерімізбен үш күндік жерге кетеміз. Егер біз қаласақ, сен де солай ет”, – деп жазған еді. Кир патша өз әскер басшыларымен ақылдасып, көпірден өтіп, шабуылдаушы түркі-сақтар әскерін алдап, Томирис патшайымның баласы Спаргаписті қолға түсіреді. Мұны естіген Томирис патшайым Кирге екінші хатын жолдайды. Онда: “Қанішер Кир! ... Шараппен арбап сен менің ұлымды зұлымдықпен қолға түсірдің ... Енді менің кеңесіме құлақ сал: Ұлымды өзіме қайтар да басың аманда менің жерімнен табаныңды жалтырат ... Егер сен тыңдамайтын болсаң, Күн құдайының атымен ант етемін, қаншама тойымсыз болсаң да мен сені өзің аңсаған қанға кеңірдегіңнен батырамын”, – деп жазылған еді. Бірақ, Кир бұл сөзге құлақ аспайды. Спаргапис мастықтан айыққан соң, Кирден өзін босатуды өтінді. Бұғаудан босанысымен ол өзіне-өзі қол жұмсап өледі. Мұны естіген патшайым бүкіл әскерімен парсы әскеріне қарсы шабуылға шығып, адам естіп білмеген шайқас басталып, ұрыс даласы өлікке толды.

Қарсыластар ұзақ шайқасып, шегінгісі келмеді. Түптің түбінде массагеттер басымдылық танытып, парсыларды тықсыра бастады. Сөйтіп, Кир патшаның әскері түгелге дерлік ұрыс даласында қырылды. Кир де осы шайқаста өлді. Томирис патшайым парсы әскерінің өліктерінің ішінен Кир патшаның денесін іздетіп тауып алды. Сонан соң Кирдің басын кесіп алып, оны қанға толы шарап құятын торсыққа басын батырады да: “Мен аман қалып, сені шайқаста жеңіп шықсам да сен бәрібір мені тірідей өлтірдің, өйткені менің ұлымды қулықпен қолға түсірдің. Сондықтан да мен саған уәде еткенімдей, қанды тойғаныңша іш”, – дейді ол.

Міне, сақ тайпаларындағы тұңғыш патшайымның ерлігі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі. Зұлымдыққа қарсы тұрып, сәбилері үшін жанын құрбан етіп, қолына қылыш, найза ұстап, садақ атып, ат жалын тарап мінген аналар-ай...

ҒҰН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ



Тумәнұлы Модэ (Мөде) қаған (б.ж.с.д.228 –174) – Ғұн империясының тұңғыш негізін қалаушы болып есептеледі. Оның тағдыры қызықты, қасіретті оқиғаларға толы. Әкесі Тумән жас әйелінің сөзіне еріп, тағын содан туған ұлына береді. Таққа отырған ол әкесін, оның жақтастарын, тіпті сол әйелден туған өз бауырын да өлтіріп, өзін “Гәннүй” деп жариялайды. Негізі, бұл сөздің мағынасы ортағасырлық түркілердің “қаған” деген сөзіне қарайлас. Мөденің ақылдылығы туралы ел ішінде көптеген аңыздар тараған.



Бірде өзін күшті санайтын көршісі Дун-Ху Мөдеге елші жіберіп, мың шақырымды бір күнде алатын арғымағын сұрайды. Мөде елмен ақылдасып, Дун-Худың бұйымтайын береді. Өздерінен қорықты деп ойлаған көршісі Мөдеден сүйікті әйелдерінің бірін сұрайды. Ғұн патшасы бұл арсыздыққа да көнеді. Масаттанған Дун-Ху екі ел шекарасы маңындағы қараусыз жатқан жерді беруін талап етеді. Осы сәтте Мөде қаған қатты ашуланады. “Жер мемлекеттің негізі, оны қалай беруге болады?” – деп атқа мініп, елін қорғауға шығады, кімде-кім ілеспей қалса, соның басын шабуға да бұйрық береді. Сөйтіп, шығысқа бар әскерімен аттанып, Дун-Худың тас-талқанын шығарып, елін иеленеді. Қарап отырса, бұл бүгінгі өскелең ұрпаққа үлкен өнеге. Мөде өзінің жеке мүддесін, халықтан, мемлекеттен жоғары қоймаған. Әйелін, атын бергенмен, халықтың, мемлекеттің жерін бермеді. Оны қорғап, жауына қарсы шықты. Міне, біздің бабаларымыз осындай болған. Мөде бұрын қытайлар басып алған жерлерді түгел қайтарып, оңтүстік пен солтүстіктегі елдерді өзіне қосып, үлкен Ғұн империясына айналдырады. Мөде өзі құрған империяны отыз бес жылдай уақыт басқарды. Сол жылдары небір соғыстар өтті.

Шин императоры Гау да өте айлакер адам еді. Ол әуелі Мөденің еліне елші етіп бір жансызын жібереді. Елші әскер жағдайын, ел ішінің жайын білуге тиісті болатын. Мұны сезген Мөде елшіге қаусаған кәрісі көп ауылдарды, ескі қарумен қаруланған жасақтарды көрсетеді. Еліне қайтқан елші Гау патшасына: “Ғұндар әбден әлсіреген, еркектерінің көбі қырылып, қарттары ғана қалған”, – деп айтып келеді. Шин императоры 300 мың әскерді өзі бастап, Мөде елін шауып алмаққа жойқын күшпен аттанады. Ғұн патшасы жауға қарсы аздаған ғана әскерін қарсы алуға жібереді де өзі тауда тосқауылда тығылып жатады. Гау жаяу әскерін артқа қалдырып, атты әскерімен тұтқиылдан шыға келіп, әлгіндегі аз ғана ғұн әскерін қуа жөнеледі. Олар қытай әскерінен қашып келе жатқансып, жауды тура Мөде тосқауылдап жатқан тауға алып келеді. Қар жауып, күрт суық түсіп, қытай әскерінің аттылысы түгел қоршауға түседі. Қытайдың Гау басшысы Мөденің өте сұлу бәйбішесіне жалынып хат жазып, ол күйеуіне өтініш жасап, кеудемсоқ қытай әрең тірі қалады. Сол үшін ғұн билеушісіне мол алым-салық төлеп тұрады.

Мөде сөз жоқ, қатал билеуші болған. Ол мемлекеттің басқару жүйесін кіші хандарға тапсырған. Оларды жұрт Гәннүйдің “төрт мүйізі” деп атаған. Бұлардың сыртында түменбасы аталатын тағы 24 әкімшілік басшылары болған. Әскерде әскери шен жүйесі: бас қолбасшы, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы деп аталған. Империяда тұрақты 300 мың әскербасы ұстап тұрған. Ата-баба дәстүріне негізделіп, азаматтық, қылмыстық заң жүйесі жасалған. Олардан бізге жеткені (қытай жазбалары арқылы):

Адамға пышақ, не қанжар салып, өлімші еткендер өлім жазасына кесіледі.

Ұрлық жасаушының мал-мүлкі түгел тәркіленеді.

Жеңіл қылмыс жасағандардың беті тілінеді (қазақтың “бетің тілінгір” деген қарғысы сол заманнан қалса керек).

Ауыр қылмыс жасаушылар өлім жазасына бұйырылады.

Қылмыстыларды қамауға алып, жазасын беру он күнде іске асырылады.

Ғұн империясының негізін салушы Мөде қайтыс болғаннан кейін де оның ұрпақтары бұл мемлекеттің үш ғасыр бойы өмір сүруін қамтамасыз етті.

Пай-пой, біздің батыр бабалар-ай... Әлсізге пана, жауына ажал болған...

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІ БАҒЫНДЫРҒАН ҚОЛБАСШЫ



Тарихтың терең қойнауына көз жіберсек, төрткүл дүниені бағындырған Еділ (Аттила) патша Ғұндардан шыққан біздің түпкі бабамыз екен. Ол тұңғыш Ғұн империясын құрып, бүкіл Еуропаны бағындырған аты аңызға айналған ғұн көсемі, император әрі ұлы қолбасшы болған. Біреу сеніп, біреу сенбес, бірақ тарихи деректер шындықты айтатыны анық. II ғасырда Ғұндардың бір бөлігі (қазіргі Батыс Қазақстан жерінде) жаңа орда – жаңа мемлекет орнатты. Ол скандинавия тарихында Этцель, славяндарда Атыл, испандықтар-



да Аттила, өзіміздің елде Еділ есімімен белгілі. Ғұн патшасы бірте-бірте оңтүстік батысқа қарай жылжыды. Олар жақындаған скиф жерін соның алдында ғана остготтар мен вестготтар басып алған болатын. Бұл Қара теңіз жағалауы мен Қырым түбегі еді. Мал шаруашылығына ыңғайлы бұл жер ғұндар үшін де қажет болатын. Батыл да айлакер ғұндар остготтарды бытшытын шығарып, Дунайдың сол жағына орналасып алды. Негізінде ғұн империясының алғашқыда нығаюына ұлы қолбасшы Руғила үлкен еңбек етті. Ол көп әскермен Дунайдан өтіп, Рим империясының көп жерін жаулап алды. Кейін оның ісін немере інісі Еділ жалғастырды. Әскер басына келу үшін немере бауыры Еділ Бледаны өлтіргені де жалған емес. Көп жағдайда римдіктер Еділдің қашқындарына қамқорлық жасап, оларды өздеріне қарсы соғысқа шығарды. Алайда, Рим мемлекеті қайта-қайта шабуыл жасағанмен ірі жеңіліске ұшырады, ауыр салықтар төлеп тұруға міндетті болды. Сөйтіп, Еділ патша оларды күннен-күнге ыдырата берді. Қырық рулы елдердің бас қосқаны, Еділдей басшыға аса қиындық әкеле қойған жоқ. Тек, Рим құлдары ғана Еділді құтқарушысы ретінде таныды. Осы бір кезде Еділ Римнен өз қашқындарын қайтаруды талап етті. Римдіктер саса бастады. Барлық күш-билік Ғұн патшасының қолында тұрғандықтан оны өлтіруге елші жіберіп, талай әрекет жасалғанмен, ештеңе шықпады. Есесіне Еділ патшаның жіберген елшілері алтынмен апталып, күміспен қапталып, байлыққа кенеліп қайтып жатты. Қарап жатпай Ғұн патшасы Рейнге ұлы жорық бастады. Ол кезде Герман тайпаларын рим тілінде варварлар (“barbaro” – “шапқыншы”) деп атайтын. Бұрын Риммен соғысқанмен Еуропаға Еділ келгеннен бері варварлар Риммен одақтасқан еді. Бұл соғысты бастарда Ғұн патшасы жер қайысқан қолды екіге бөлді. Бірінші бөлігі Дунай өзенінің оң жағымен жүріп, Рим әскерін, қорғандарын талқандауға тиіс болды. Ал, екінші бөлігі Дунайдың сол жағымен жүріп, кездескен тайпаларды жеңіп, өзіне күшпен қосып алуы қажет еді.

Еділге франк тайпасы, тюринг тайпасы, бургунд корольдігі бағынды. Сөйтіп, Галлия мен Бельгия провинциялары Еділге берілді. Каталун жазығында римдіктер мен ғұндардың арасында үлкен шайқас болды. Бұл шайқаста 165 мыңға жуық жауынгер қаза тапты. Жеңісті жалғастырған Еділ Солтүстік Италияға кіріп, Аквилей және Милан қалаларын талқандады.

Рим империясын талқандаған Ғұн патшасы Бургунд королінің сұлу қызына үйленеді. Бірақ, ұлы қолбасшы, атышулы Еділ той болған күні түнде кенеттен қайтыс болады. Сөйтіп, ол өлгеннен кейін Ғұн империясы ыдырайды. Қазіргі уақытта Германияда Берменде Аттила атындағы көше, тау,

Венгрияда университет бар. Ерлікті мұра еткен бабаларымыздың киесі қонсын (жазу барысында Б.Нұржекеевтің мақаласының деректері пайдаланылды).

ҚАҒАН АТАҒАН ТҮРКІ



Түркілердің өздері “Мәңгі ел” деп атаған әйгілі бірінші Шығыс түркі қағанатының **негізін қалаушы – түпкі бабамыз Бумын қаған**. Бұл Түркі елі Жужан қағанатының ықпалындағы, соларға темір кенін өндіріп беретін бодан ел еді. Күндердің күнінде бұл елге Батыс Юань Вэй империясының елшілері келеді. Олардың мақсаты түркілерді Батыс Юань Вэй империясының бақталасы, Шығыс Юань Вэй империясының одақтасы Жужан мемлекетіне қарсы айдап салу еді. Бумын бұл ұсынысқа ойланып қалады да елшілер кеткен соң, өз адамдарын жіберіп, ұсыныс берген елдің жай-жағдайымен астыртын танысады. Сөйтсе, Батыс Вэйдің әрекеті Бумынды арандату екен, өздерінің көмекке зәру жайын анықтайды, Жужанмен соғысуға әлі ерте екенін, шамасы жетпейтінін ұғады. Сөйтіп, Бумын жужандарға қарсы жорыққа аттанған телі тайпаларына тосыннан тиісіп, өздеріне бағындырып алады. Бумын 50 мың түтіндік елді қосып, нығайып алған соң, бодандықтан құтылудың әрекетіне кірісіп, соғысқа күні-түні дайындала бастайды. Бумын қарсыласына бірден тиіспей, өзінің елшілерін жіберіп, Жужан мемлекетінің билеушісі Анахуанға қызын әйелдікке беруін сұрайды. Бұл:



“Менің сенімен терезем тең. Менімен санасуға тиістісің”, – дегені еді. Анахуан: “Сен менің темір өндіретін құлымсың. Бұлай деуге қалай дәтің барды”, – деп, нөкерін жібереді. Бумынның күткені де осы еді. Халық қолдауына ие болған ол Анахуанның нөкерінің басын алады. Бұл соғыс ашудың сылтауы еді. Ақыры Хуайхуанның терістігіндегі кең жазықта екі елдің әскері кездеседі. Жеті жыл бойы соғысқа дайындалған түркі әскері Анахуанның қолын тасталқан етеді. Жужан басшысы өзіне-өзі қанжар салып өледі. Сөйтіп, бұл мекенде бір жарым ғасырға жуық билік еткен Жужан қағандығы құлап, Ұлы далаға Түрік қағанаты орнайды. Барлық Түркі елі жиналып, Бумынды ақ киізге көтеріп “Ел қағаны” деп жариялайды. Өкінішке орай, ол өзі құрған мемлекетті дәуірлетем деген шағында өз ажалынан қайтыс болады. Бұл істі ары қарай (баласа Қара Ыссық хан) жалғастырды. Байқап отырғандай, Қазақ деген атқа жеткенше, түркілердің де басынан небір қилы-қилы замандар өткен екен.



АНАЛАРДЫҢ АНАСЫ

Бұл жанды жұрт жадынан шығарып көрген емес. Оның шын аты – Шайхы Мизамбекқызы Нұрила. VI – VII ғасырлардың бір кезеңінде (яғни уақыт аралығында) өмір сүрген. Егер ру қауымын айтсақ, Ошақты, Шапырашты, Албан, Суан, Ысты, Дулат тайпалары тараған ұрпақтың түп атасы Бәйдібек батырдың үшінші әйелі. Айтпақшы, қазіргі уақыт белеңінде қазақ жұртын руға бөлу

әдетке айналып барады. Мұның жақсы, жаман екі жағы бар. Қарт адамдар, кейбір биліктегі жандар руға бөлініп, батырлардың, атақты адамдардың бейітін жаңғыртып, даңғой тірліктер жасайды. Қазақ ұлтын қырыққа бөліп, жалпы ұлттық бірліктен ажыратады. Сондықтан да, “жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін”, оларға қарсы тұру қазақ азаматының міндеті. Рас, әр адамның өзінің қайдан шыққанын, мекенжайын, тарихи деректерін білуі дұрыс-ақ. Бірақ, әлгіндегідей ұраншылдық дұрыс емес. Шетелі бар, 10–15 миллионға жетер-жетпес ұлтты руға, жүзге бөлсек не болғаны? Әрине, өз ана тілінде сөйлеу, ділін, дінін, салт-дәстүрін сақтау қазақ үшін міндетті де қасиетті борыш.

Нұрила әжеміз төңірегіне мейірім шапағатын шашқан, алдағы күнін ертеден ойлаған, болжамы ақиқатқа айналған, бойы шағын адам болған. Бойына қарап жұрт “Домалақ ене”, “Домалақ ана” деп атап кеткен. Сөйтіп, ол қазақтың анасының анасына айналған. Ене деп сыйлау, құрметтеу, әулие санау Ұмай анадан кейін осы жанға қонған десек, қателеспеген болар едік. Ол ел арасында өмір сүре жүріп, елдік, халықтық намысты қатты ұстанғаны осы бір тірлігінен көрініп тұрса керек. Әлгінде Домалақ ананың көріпкелдігі туралы да айтып өткен едік. Енді сол туралы тілге тиек етелік.

Жалпы, Домалақ ананың күйеуі Бәйдібек мыңғыртып мал айдаған, желмаясы желген, отар-отар қойы өрген, сауда жасап, талай-талай керуенге жүк артқан, байлығы асқан адам еді. Ол кез “жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында” деген уақыт болса керек, күндердің күнінде Алатау асып келген қалың жау, Қаратаудың жонын жайлап отырған Бәйдібек байдың ауылын шауып, жылқысын айдап кетіпті. Бәйдібек бұл кезде сапарда екен. “Жау шапты” деген хабарды естіп, ол жасақ жинап, бәйбішесі Сарыдан туған алты ұлын бастап жауға аттанбақ болады. Сонда Домалақ ана күйеуіне:

– Байеке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, жылқыңыз алты күннен соң барымташыларға қайыру бермей, ауылға өзі келеді. Жауды қума, азаматтар аман жүрсін, осы тілегімді беріңіз, – деп өтінеді.

Оған тұтанып тұрған Бәйдібек күйеуі қайдан көнсін. Кектенген жауына жүріп кетіпті. “Ойланбаған опық жейдінің” кері, Бәйдібек жау жасағы Күйік асуына жеткенде қуып жетіп, ұрыс салады. Бірақ жасанып келген жау көптігін танытып, қазақ жасағына теңдік бермепті. Осы соғыста Бәйдібектің алты ұлы өліп, оларды Үш Қарасай жазығына жерлеп, ауылына қайтыпты.



Арада біраз күн өткенде Домалақ ана айтқандай, байлаулы тұрған құла айғыр жерді тұяғымен дүрсілдете тарпып, азан-қазан кісінеп қоя береді. Сол күні намаздыгер шақта қалың шаң көрініп, Бәйдібектің қалың жылқысы ауылға келеді. Сөйтіп, Домалақ ана ақылдылығымен үйде отырып-ақ жылқыны қайтарған екен.

Домалақ ана Балабөген өзенінің сағасындағы жазыққа жерленген. Көгілдір тау қоршаған сол жазықта сәулетті күмбез көрінеді. Аналардың анасы, байтақ еліне жақсылық тілеп жатқандай.



ТАСҚА ҚАШАЛҒАН ТАРИХ

Тоныкөк кім еді? Өзіміздің түпкі бабаларымызға жататын оғыз тайпасынан шыққан, екінші Шығыс түркі қағанатының негізін қалаушылардың бірі. Түркі қағанатының үш қағанына уәзір болып, 95 жасында көз жұмған жан.

Тоныкөк көшпенділер тарихында тұңғыш рет оның тарихын, қасіретін, қуанышын, елдігі мен ерлігін жыр ғып тасқа қашап, мәңгілік мұра қалдырды. Ол тастағы жазуында түркілердің табғаштарға (қытайларға) бағынышты болғанын, сол елде тәрбиеленіп өскенін жазды.

Ұлттың қаны бар Тоныкөк Шыли-шуән тайпасының басшысы Құтылықпен бірігіп, басқыншыларға қарсы шығып, оларды жеңеді. Алайда, айлакер қытайлар біреудің қолымен от көсеп, тоғыз оғыздарды бұларға қарсы соғысқа шығарады. Ақылды Тоныкөк оларды тас-талқан етіп жеңіп, қолға

түскендерді жинап: “Түбіміз бір туыспыз. Өзгеге жем болмайық. Бірігіп ел болайық. Ата жауға қарсы тұрайық”, – деп ұран тастап, еліне қайтарады. Нәтижесінде екі ел бірігіп, үлкен күшке айналады. Құтылық өлгеннен соң, Тоныкөк Қапаған қағанға уәзір болады. Алайда, жаңа қаған әділетсіз, әрі қатал еді. Ол өз халқын қатыгездікпен жазалап, оған шыдамаған көптеген рулар Қытайға көшпек болады. Осы кезде Тоныкөк көсемдерді тоқтатып, ел бүтіндігін сақтау үшін күні-түні мазасыз өмір кешеді. “Мұны қызғанып, жұрт Тоныкөк жағына шығып кетті”, – деп уәзірін де оқшаулап, соңына түседі. Осы әрекеттердің кесірінен Түркі қағанаты әлсірей бастайды. Ақыры ел сыйламаған Қапаған өз қандастарының қолынан қаза табады. Билікке таласып, ел бірлігі бұзылады деп қауіптенген қағанның ұлы Күлтегін Қапаған қағанның үрім-бұтағын түгел қырып тастап, таққа батыр ағасы Могилянді отырғызады. Ел арасында жүрген Тоныкөк Ордаға шақырылып, қайтадан уәзір болады. Ол тасқа: “Тәңірі жарылқады! Бүкіл түркі жұртына қарулы жау келтірмедім, атты әскер жолатпадым. Ел төресі жауламаса, оған еріп мен жауламасам, елім, халқым жойылар еді. Оның шабуылының нәтижесінде, менің шабуылымның нәтижесінде, еліміз қайта ел болды, халқымыз қайта халық болды. Өзім қартайдым, ұлық болдым. Түркі Білге қағанның еліне арнап тасқа жаздырған мен – Білге Тоныкөкпін”, – деп жаздырған еді. Осы көне мұра оның кім екенін дәлелдеп тұр. Шындығында, сонау ерте заманда да елінің ел болуына тер төгіп еңбек еткен ғажайып адамдар өмір сүріпті-ау. Солардың киесі ұрпақтарына қона берсін!

Ордаға шақырылған кезде Тоныкөк жетпіс жаста екен. Мұнан кейін де ол ел-жұртына, ел басқарғандарға ақыл-кеңесін беруден таймайды. Деректерге қарасақ, ол әбден қартайып, уланып өлді дегенге саяды. Бабалардың қиын-қыстау заманда “Алтау ала болмай, төртеу түгел болып”, басын біріктіріп, ерлік жасап, ел азаттығын қорғап өмір сүруі – өз ұрпағына үлгі-мұра болып қалары анық. Бізді солардың рухы қорғасын!





БАБАЛАРЫМ БАТЫР БОЛҒАН

Батыр атанған Күлтегін бабаларың туралы деректердің бізге жеткеніне де аса көп уақыт болған жоқ. Күлтегін бабаларыңа елі қойған ескерткіштің ғылыми көшірмесі бұл күнде егемен еліміздің орталығы – Астана қаласындағы Еуразия Ұлттық университеті бас ғимаратының төрінде тұр. Өздерің де батыр бабаның бақытты ұрпағы ретінде сол ескерткішке барып, ұлы ерлікке тағзым етіп, мақтанышқа бөленетіндерің анық. Өйткені, ерлік ешқашан ұмытылмайды.

Иә, сонымен Күлтегін бабамыз кім болғандығын білу үшін тарихқа үңілейік. Екінші Шығыс Түркі қағанатының негізін салған Құтлұқтың ұлы Күлтегін бала кезінен-ақ, сол уақыттың үрдісі болған, соғыс өнеріне дайындалған пысық ұлдардың бірі еді. Оның дәлелі – түркінің атақты Білге қағаны Күлтегін басына қойылған ескерткішке ойдырып жаздырған жазуы, мұнда: “Әкем Қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Ол жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды”, – деп жазылған еді. Жастай жетім қалып, тым ерте есейіп, еліне тұс-тұстан шапқан басқыншы жауға қарсы тұрған Бөгенбай, Жәнібек, Қабанбай, Райымбек батырларға мұрагерлік осы Күлтегін бабамыздан қалды ма деп те қаласың. Қытайдың әйел патшасы У-Хыу Түркі Қағаны Қапағанның басына ақша тігіп, кім өлтірсе соған князь атағын бермек болып жарлық шығарып, жазалау жорығына қалың әскерін аттандырады. Бірақ бәрі керісінше шығады. “Нағыз айып-

кер” Қапаған Қытайдың 90 мың әскерін қолға түсіреді. Бұл соғыстан кішкентай Күлтегіннің ерлік жолы бастау алады. Сөйтіп, ол келе-келе “Көк түркінің көк семсері” атанған нағыз батыры, Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы дәрежесіне көтерілді. Тас жазудың қашаушысы Йоллыгтегін былай деп жазады: “Он алтының жасына келгенде... олты чуб, соғдыларға қарсы аттандық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Он тұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандадық. Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен айқастық. Күлтегін әуелі Тадықан шораның Боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Екіншісінде Ышбыр Жамтардың Боз атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Үшіншіде Сілікбек-иегіннің Торы атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді, бірақ бірі де денесіне дарыған жоқ. Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде қырғыздарға қарсы аттандық. Күлтегін Байырқының Ақбоз айғырына мініп, шабуылға ұмтылды. Бір батырын оққа ұшырды, екі батырын найзамен түйреп түсірді. Ақ боз айғырдың белі үзілді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алдық... Тоғу қаласында шайқастық. Күлтегін Азбан ағын мініп ұмтылды. Алты батырын шаншып түсіріп, жетіншісін қылышпен шапты. Тоғыз батырын қуып жетіп, тақымға басты... Оғыздармен соғыстың Күлтегін Жетімек (Өгсіз) атты мініп шауып, тоғыз ерін шанышты... Түргеш Қақы жау болды. Күлтегінді шағын қолмен жібердік. Жойқын соғыс жасапты. Қара түргеш халқы сол жерде өлім тауыпты...” Осылай жалғаса береді. Қарап отырсаң, Күлтегін бабамыздың елі үшін соғыстан қолы тимепті. Ол 47 жасында қайтыс болды. Халқының Күлтегіннің басына ескерткіш орнатуы – үлкен құрметтің белгісі екенін анықтап тұр.





**ҚОБЫЗЫН
КҮҢІРЕНТКЕН
ҚОРҚЫТ
АТА**

Қазақстанның батыс бөлегін пойызға мініп араласаң, Сыр бойымен өтетін теміржолдың бойында қобыз бейнеленген үлкен кешенді байқайтының анық. Бұл – Қорқыт ата кесенесі. Шындығында, **Қорқыт аталарың қазақ үшін күй атасы болып есептеледі.** Өйткені, ол қобызын қолына алып, ел қамы мен халық тағдырын болжайтын көріпкел болды. Есесіне қазақ жұрты оның күйлерін сақтап қалды. Қазіргі уақытта Қорқыт туралы аңыздар мен әңгімелер де күй тартыла отырып айтылады. Мысалы: “Қорқыт күйі”, “Қорқыт сарыны”, “Қоңыр”, “Тәңіркүй”, “Қорқыттың елмен қоштауы” сияқты күйлері ел ішіне кең тараған. Елдегі дерек бойынша “Қорқыт ата кітабы” XV ғасырда жазылған. Бұл кітаптың әзірше екі нұсқасы бар. В. Бартольд пен В.М. Жирмунский сияқты білікті ғалымдардың: “Қорқытты қадірлеудің Сырдария өңірінде мыңжылдық өнегесі бар”, – деуі сондықтан. Оның Сыр бойы мен Сарыарқа алабында ғұмыр кешкені, нақтылы тарихи тұлға екені бүгінгі күнге дейін жинақталған ғылыми деректер бойынша күмән келтірмейді. Ата жағынан Қорқыт оғыз тайпасынан тарайды, ана жағынан қыпшақ – нағашы жұрты. Қорқыт батыр емес, абыз. Халық даналығын паш етуші де. Сонымен қатар, оның өмірлік тәжірибеден тудырған нақыл сөздері де жетерлік. Мысалы: “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан өнеге алмаған ұл жаман”, “Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас, күңге сары шәй шапан жапқанмен бәйбіше болмас”, “Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді”, “Өтірік сөз өрге баспас”, “Ат